

**«КӨМЕК ЕРІКТІЛЕР» қайырымдылық клубы** – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттік кәсіподақ ұйымының белсенді студенттерінен 2014 жылдың 19 қараша күні құрылған жеке тұлғалардың біріккен ұйымы. Көмек еріктілер клубы - бұл студенттерді әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан тәрбиелеуге, отансүйгіштікке, лидерлік сапаларға, өзара қолдау мен түсінушілікті қамтамасыз етеді. Біздің жоба еріктілер қозғалысының жетімдерге, қамқоршысыз қалған балаларға және де еріктілер қозғалысына мұқтаж қарттарға көмек негізінде құрылған. Осы негізде, университетіміздің студенттері мен өзге де ЖОО-ның жастары бұл шараларға атсалыса алады. Біздің жобамыз көптеген балалар үйі және қарттар үйімен тұрақты жұмыс жасайтын топтар құруға негіз бола алады. Ал ең бастысы балалардың өмір жолында, қоғамда өз орнын табуға және қайырымдылық жасауға себепші болады!

#### **КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:**

- С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студенттік жастары арасында әлеуметтік жауапкершілік, өзара көмек пен қолдауды дамыту.
- Патриоттық сезімді, көшбасшылық қабілетті, экологиялық, эстетикалық негіздерді қалыптастыру.
- Рухани және физикалық тұрғыдан балалар мен қарттарға көмек көрсету.
- Балалар мен қарттардың түрлі ауруларға қарсы күш-жігерін және өмірге деген қызығушылығын арттыру.

**КЛУБ ЖЕТЕКШІСІ:** агрономия факультетінің 2 курс студенті- Баба Калдыгуль.

**КЛУБ МҮШЕЛЕРІ:** 9 студент.

